



Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөніндегі іс-қимылды үйлестіру туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 951 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылғы 8 қыркүйекте Гродно қаласында жасалған Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөніндегі іс-қимылды үйлестіру туралы шарт бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов*

Премьер-Министрі

Қазақстан

Үкімет ініш

2015 жылғы

№ 951 қаулысымен

бекітілген

26

қарашадағы

Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөніндегі іс-қимылды үйлестіру туралы

ШАРТ

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің атынан олардың үкіметтері,

Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мен қорғау туралы хаттаманы іске асыру мақсатында (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 26 - қосымша),

Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберінде мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастығын дамытуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Осы Шарттың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады: «іс-қимылды үйлестіру» – мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы өзара мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өздерінің арасында және Еуразиялық

экономикалық комиссиямен өзара іс-қимылы; «зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бұзу» – зияткерлік меншік объектілеріне мүше мемлекеттер заңнамасына сәйкес қорғалатын құқықтарын бұзуға әкеп соқса, зияткерлік меншік объектілерін қамтитын тауарларды жасау, тарату немесе өзгеше пайдалану, сондай-ақ осы мақсаттар үшін әкелу, тасымалдау немесе сақтау, зияткерлік меншік объектілерін рұқсатсыз пайдалану, оның ішінде «Интернеттің» ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде пайдалану әрекеттері;

«бірлескен іс-шаралар» – екі немесе одан да көп мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуының алдын алу, анықтау, жолын кесу және тергеп-тексеру бойынша жүргізетін келісілген іс-шаралар;

«уәкілетті орган» – мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында өкілеттіктер берілген атқарушы билік органы, сондай-ақ өзгеде орган.

2-бап

1. Мүше мемлекеттер зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру қажеттілігін негізге ала отырып, ынтымақтастықты жүзеге асырады және уәкілетті органдардың өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етеді.

2. Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау, оның ішінде Одақтың кедендей аумағында зияткерлік меншік объектілеріне осы құқықтарды бұзудың тиімді түрде жолын кесуді қамтамасыз ету мақсатында:

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бұзудың алдын алу, анықтау, жолын кесу және тергеп-тексеру, сондай-ақ уәкілетті органдардың осы саладағы қызметін жетілдіру жөніндегі іс-қимылды үйлестіру;

мүше мемлекеттердің Одақтың кедендей аумағында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы заңнамасын үйлестіру және жетілдіру; өзге де іс-қимылдар (қажет болған кезде) жүзеге асырылады.

3-бап

Іс-қимылды үйлестіру мақсатында уәкілетті органдардың өкілдері Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы жанындағы тиісті консультациялық органының отырыстарайнда мұнадай:

уәкілетті органдардың іс-қимылды үйлестіру шеңберінде міндеттер қою және іс-шараларды өткізу кезіндегі теңдігі;

мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес әрбір уәкілетті органның өзіне берілген өкілеттіктер шегіндегі дербестігі;

мүше мемлекеттердің адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының

талаптарына қайшы келмейтіндегі шамадағы жариялыштық қағидаттарын негізге ала отырып, осы Шартты іске асыру шеңберінде туындастын мәселелерді қарайды.

4-бап

Осы Шарт шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссия уәкілетті органдармен бірлесіп:

мүше мемлекеттердің аумағында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бұзудың жолын кесу жөніндегі қызмет тәжірибесін талдауды және қорытуды, сондай-ақ осы саладағы құқық бұзудың алдын алу, анықтау, жолын кесу және тергеп-тексеру саласындағы үрдістерді болжауды жүзеге асырады;

мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы құқық қолдану практикасын, оның ішінде осы саладағы халықаралық шарттардың орындалуын талдайды;

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау тиімділігін арттыру, оның ішінде Одақтың кедендей аумағында осы құқықтарды бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстарды әзірлеуді;

уәкілетті органдар мен Еуразиялық экономикалық комиссия қызметкерлерінің зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы біліктілігін арттыруға бағытталған бірлескен семинарлар, конференциялар, өзге де іс-шаралар үйімдастыруға және өткізуге қатысады.

5-бап

Іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органдар мынадай:

Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы жанындағы консультациялық органның қызметі шеңберінде өзара іс-қимыл жасау;

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау, оның ішінде Одақтың кедендей аумағында осы құқықтарды бұзудың алдын алу мәселелері бойынша ақпарат алушасу;

уәкілетті органдар өкілдерінің кеңестерін өткізу;

іс-қимылдарды үйлестіру бойынша келісілген жоспарларды әзірлеу және іске асыру;

бірлескен іс-шараларды, оның ішінде осы баптың бесінші абзацында көзделген келісілген жоспарларды іске асыру шеңберінде өткізу;

тәжірибе алмасу мақсатында тағылымдамалар, семинарлар, конференциялар, сондай-ақ өзге де іс-шаралар өткізу;

буллетеньдер (жинақтар) және басқа да ақпараттық басылымдар шығару

н ы с а н д а р ы н д а ;

мүше мемлекеттердің өзара уағдаласуы бойынша өзге де нысандарда ынтымақтастықты жүзеге асырады.

6-бап

1. Уәкілетті органдар өз бастамалары бойынша немесе өзге де уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша мынадай:

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуына байланысты нақты фактілер мен оқиғалар туралы;

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуына қатысы бар тұлғалар туралы;

бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына өткізу салдарынан зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар бұзылатын тауарларды өткізу, сондай-ақ тауарлар және осы тауарларды өткізу кезінде пайдаланылатын көлік құралдары туралы;

үшінші мемлекеттер аумағынан Одақтың кедендейк аумағына әкелінетін (әкелінген) тауарларды, егер мұндай тауарларды әкелу зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуына әкеп соқса, осындай тауарлар туралы ақпарат, сондай-ақ өзге де ақпарат (қажет болған кезде) алмасады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратты уәкілетті органның үшінші тұлғаларға беруі осындай ақпаратты ұсынған уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Осындай ақпаратты алған уәкілетті орган оны ұсынған уәкілетті органның осындай ақпаратқа қолданылатын қорғау деңгейіне барабар қорғау деңгейін қамтамасыз етеді.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратты алған уәкілетті орган және оның қызметкерлері осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарды бұзғаны үшін осы уәкілетті орган мемлекетінің заңнамасында бекітілген жауаптылықта болады.

7-бап

1. Бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру не оларды өткізуге жәрдем көрсету үшін уәкілетті органдар бір-біріне тиісті сұрау салумен жүргінуге құқылы.

2. Уәкілетті органдардың зияткерлік меншік саласындағы қылмыстардың және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзудың жолын кесуде жәрдем көрсету туралы сұрау салуларын орындау, сондай-ақ ақпаратты ұсыну және онымен жұмыс істеу бөлігіндегі өзара іс-қимылы мүше мемлекеттер қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар негізінде және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8-бап

Мүше мемлекеттер осы Шартты іске асыруға байланысты шығыстарды дербес көтереді. Бұл ретте осы Шарттың 5-бабында көзделген іс-шараларды өткізу кезінде көлік шығыстарын, тұруға арналған шығыстарды жіберуші мүше мемлекет көтереді.

9-бап

1. Осы Шартты іске асыруды тиісті мүше мемлекеттің заңнамасын, халықаралық мемлекеттердің құқықтарын және Одақтың құқықтарын құрайтын актілерді сақтай отырып, өз құзыреті шегінде өзара іс-қимыл жасайтын уәкілетті органдар жүзеге а с ы р а д ы .

2. Осы Шартты іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия уәкілетті органдарға Одақ шенберінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында олардың өзара іс-қимыл жасауына жәрдем көрсетеді.

3. Мүше мемлекеттер уәкілетті органдарды айқындайды және осы Шарт күшіне енген күннен бастап 3 ай ішінде олар туралы депозитарийді хабардар етеді, ол осындаі уәкілетті органдар туралы басқа мүше мемлекеттерді хабардар етеді.

Мүше мемлекеттер уәкілетті органдардың өзгергені туралы бір ай мерзімде депозитарийді хабардар етеді.

10-бап

1. Осы Шарт шенберінде уәкілетті органдардың Еуразиялық экономикалық комиссиямен акпараттық өзара іс-қимыл жасауы, сондай-ақ сұрау салуларды орындауды уәкілетті органдар мен Еуразиялық экономикалық комиссиясының өзара іс-қимылы регламентінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген Регламентті Еуразиялық экономикалық комиссия осы Шарт күшіне енген күннен бастап 3 ай ішінде бекітеді.

11-бап

1. Осы Шартқа жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

2. Осы Шартты түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты мүше мемлекеттер арасындағы даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген тәртіппен шешіледі.

12-бап

1. Осы Шарт Одақ шенберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және
О да қ т ы ң қ ұ қ ы ғ ы ң а к і р е д і .

2. Осы Шарт мүше мемлекеттердің осы Шарттың күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

Гродно қаласында 2015 жылғы «8» қыркүйекте бір төлнұсқа данада орыс тілінде жасалады.

Осы Шарттың төлнүсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Шарттың депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның күәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасының Беларусь
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз
Үкіметі үшін

Беларусь Үкіметі үшін

Республикасының Ресей Үкіметі үшін

Республикасының Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Федерациясының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК